КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 6 қаңтар №1013-24-00-2/3125 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Байкумбаева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Шығыс" өңірлік қолбасшылығы - 6638 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы қоюшы "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Шығыс" өңірлік қолбасшылығы - 6638 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлынаң мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.С. Байкумбаева**

Көшірмесі дұрыс,
Судья **А.С. Байкумбаева**

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 06.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.02.2025, судья Байкумбаева А. С., 18.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МЕМЛЕКЕТТІК АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство